

К. Камзин^{1*}, Ә. Камза², Н. Қуантаев¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Сулейман Демирель университеті, Қазақстан, Қаскелең қ.

* e-mail: kaken-kamzin@mail.ru

ФАКТИ ГЕНОТИПИ, ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛУ ҮДЕРІСІ

Заманалы журналистика форматына технологиялық сонылықтар өз пайымын ентелей енгізе бастады. Жаңа ұғымдар мен әдістер дүниеге келді. Масс-медианың табиғаты өзгерді, ақпараттық кеңістікте синтездік, санфункционалдық бітім жүйелі үлгі-өнеге көрсетуде. Журналистер қауымы енді жаратылыс дүниесіне, әлеуметтік ортаға плюралистік ғылыми таным биігінен қарау ұйғарымына көшті. Классикалық журналистикадағы дүниетаным қағидаты қатарына едәуір өзгерістер енгізілді. ХХІ ғасыр журналистикасының нақты ғылыми пәндермен одақтасуы осы шарттардан бастау алуда. Журналистикатанудағы жаңа көзқарас тек бүгінгі күн болмыс-бітімімен тұйықталамайтыны, оның тарихи сілемі сайрап жатқаны да аңғарылады. Факті, оқиға, құбылыс туындауына қатысты ертедегі ойшылдар мен қазіргі оқымыстылар идеяларының сабақтастығы осы ретте зәрулене түсуде. Ғылыми мақаланың негізгі бағыты мен идеясы, ғылыми журналистиканың өзіндік азығы – факт категориясының болмыс-бітімін, түп-тұқиянын зерделеу, оның дүние есігін ашу шарттарына көз жіберу. Бір сөзбен айтқанда, факті эволюциясының көрнекі тізбектерін атап көрсету, заманалы журналистиканың ғылыми-танымдық мүмкіндіктерін нақты ғылыми пәндер теориясымен сабақтастыра межелу.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық мән-маңызы: авторлар факт органикасы кезеңдік ақпарат қалыптастырудың бастапқы элементі ретінде дүниеге келетініне көз жібереді. Планетарлық тарихи сабақтастық өнегесіне, ертедегі ойшылдар мен релятивистік емес физика, заманалы кванттық механика, генетикалық биология постулаттарына және жалпы парасат туралы концептке арқа сүйей отырып, олар нақты технологиялық өнімге, реалды гуманитарлық журналистік мәтінге трансляцияланатын микробөлшектердің жүрер жолы ортақ екендігіне жөн сілтейді.

Тақырыпты мейлінше аша түсу мақсатында жоғарыда баяндалған нысан табиғатына, пән үдерісіне сай келер – жалпы ғылыми түсіндірме (комментарий), салыстырма сараптама, сипаттама және эмпирикалық (мета-талдау) әдістері іске жаратылды.

Зерттеу барысында **табиғи және жасанды ақпарат** хақында жаңа тұжырым жасалды, материя нысандарының құрылымы факті өрісімен тұтастандырылды, ғаламдық коммуникативтік сананың, масс-медианың заманалы жүйесінің өзіндік сызбалары дүниеге келді.

Осы ізденістің арқасында журналистиканың ғылым ретіндегі ұғымы толысып, әлеуеті артып, көкжиегі кеңейе түседі, кешенді тың зерттеу бағыттарына жол ашылады.

Ғылыми журналистика, талдамалы журналистика, мультимедиялық журналистика салаларына жаңа теориялық тұжырымдар енгізіледі, журналистикадағы фактітану бағытына арналған зерттеулер жүргізіледі, арнаулы оқу құралдары жазылады.

Түйін сөздер: факт, геном, квант, мегаәлем, макроәлем, микроәлем, уақыт қайтымы.

K. Kamzin^{1*}, A. Kamza², N. Kuantayev¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Suleiman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen

*e-mail: kaken-kamzin@mail.ru

Genotype, nature of fact and its developmental processes

The technological component is now freely and intensively penetrating the format of modern journalism. New concepts and methods have emerged. The nature of mass media has changed, a synthetic, multifunctional world is systematically demonstrated in the information space. Now the journalistic community has come close to perceiving the world of nature and the social environment through the lenses of pluralistic scientific knowledge. It is clear that new thinking in journalism is based not only on today's situational novelty, but its historical roots go back to the distant past. Hence, the relevance and continuity of the ideas of ancient thinkers and modern scientists about the origin of facts, events and phenomenon starts from there. The main idea and the subject of this academic article are the study of nature and the origin of the fact as such.

Scientific and practical significance of research work: the authors of the article seek to trace the course of the origin of the organic matter of the fact, as the primary microelement in the formation of stage information.

For the maximum disclosure of the topic, the methods of general scientific interpretation (comments), comparative analysis, description and empiricism (meta-analysis) were used. In the course of the

study, new results on the natural and artificial nature of information were achieved, the structure of matter objects was integrated with facts, and original graphic drawings of global communicative consciousness a modern system of mass media were born. Thanks to this study, in our opinion, the conceptual complex of journalism will be enriched, its scientific potential will increase, and the spatial range will expand. This article will pave the way to new research areas.

New theoretical concepts will be introduced in the field of scientific journalism, analytical journalism and multimedia journalism. New research will be carried out in such areas of journalism as factology, textbooks in this new field will be issued.

Keywords: fact, genome, quantum, mega-world, macro-world, micro-world, returning of time.

К. Камзин^{1*}, А. Камза², Н. Куантаев¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Университет Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Каскелен

*e-mail: kaken-kamzin@mail.ru

Генотип факта: природа и процессы развития

На современном этапе развития технологические составляющие свободно и интенсивно проникают в форматы журналистики. Появились новые концепты и методы, изменилась природа масс-медиа. В информационном пространстве системно демонстрируется синтетический, многофункциональный мир. Журналистское сообщество вплотную подошло к восприятию природы социального факта с высоты плюралистического научного познания.

Новое мышление в журналистике опирается не только на современную ситуационную новизну, но и на исторические корни. Отсюда – и актуальность представлений древних мыслителей о происхождении фактов, событий и явлений, а также их преемственность среди современных ученых. Цель данной научной статьи – изучение природы и зарождения факта как такового, иными словами, выявление заметных черт в эволюционной цепочке фактов, определение научно-познавательных возможностей современной журналистики во взаимодействии с теорией конкретных научных дисциплин.

Практическая значимость научно-исследовательской работы заключается в наблюдении за ходом зарождения органики факта как первичного микроэлемента в формировании стадийной информации. Опираясь на планетарную историческую взаимозависимость, исследования философов и постулаты релятивистской физики, современной квантовой механики, генетической биологии и на концепты о сфере всеобщего разума, возможно определить общие дорожки транслируемых микрочастиц в действительный технологический продукт, реальный гуманитарный журналистский текст.

Для максимального раскрытия темы использованы методы общенаучного толкования (комментарии), сравнительного анализа, описания и эмпиризма (метаанализа).

В ходе исследования был сделан новый вывод о естественной и искусственной природе информации. Структура объектов материи была интегрирована с фактов; рождены оригинальные графические рисунки глобального коммуникативного сознания, а также современная система масс-медиа.

На наш взгляд, благодаря данному исследованию обогатится понятийный комплекс журналистики, возрастет ее научный потенциал, расширится пространственный ареал, откроются пути к свежим исследовательским направлениям. В перспективе – новые теоретические концепции в области научной, аналитической, мультимедийной журналистики; исследования по фактологии; специальные учебные пособия.

Ключевые слова: факт, геном, квант, мегамир, макромир, микромир, волновая функция.

Кіріспе

Әдетте, журналистикадағы шығармашылық үдеріс факт, дерек жинаудан бастау алады. Ол ұшан-теңіз тіршілік дүниесінен, қажеттіліктер базасынан, ақпараттар ресурсынан жай ғана мәлімет теру емес. Алғаш рет оқиға, құбылыс көзіне жүгінгенде-ақ сіз оның мән-мазмұнына, әлеуметтік құндылығына, ақпараттық рыноктағы бағасына назар аударасыз, саралайсыз. Белгілі бір дәрежеде таным сүзгісінен өткізесіз. Осыдан келіп журналист, зерттеуші міндеті туындай-

ды. Ол қандай міндет? Журналист-зерттеушінің міндеті баяндау, суреттеу ғана емес, ол «өздігінен дүниеге келген» фактілер мен құбылыстарға байланысты адамдар қарым-қатынасының «әлеуметтік механизмдерін» ашып көрсету. Бұл әрекет бастамасы адамның ынтазарлығынан, білсем, көрсем, зерделесем, білгенімнің де арғы жағында не жатыр деген құмарлығынан шығып отыр.

Енді фактінің өзіндік сипатына назар аударайық. Шынайы өмірде, реалды дүниеде бар материалдық нысандармен (өсімдік, ғимарат, машина, қолжазба, күнделікпен) салыстырғанда,

оның «тәні» жоқ, материя санатына көше алмайды. Факт – таным жемісі, ол белгілі бір белгілер пішініне қарай таным қызметі нәтижесінде атауға ие болады, өзінше заттандырылады.

Тіршілік форматындағы, ғалами кеңістіктегі тұрақтылық ұғымына біз диалектика оптикасынан көз жібереміз. Өйткені «мәңгілік» атты пайыммен ұласатын «тұрақтылық» термині бір есептен өткізшіліктің, аумалы-төкпеліліктің екінші бір қыры іспеттес. Ғылыми ізденіс трендіндегі зәрулік мәселесі де тап осы тұжырымдарға келіп бас иеді. Кешегі көкейтестілік көп жағдайда бүгінгінің кәдесіне жарай бермейді, бүгінгі зәрулікті келер зәрулік жоққа шығарып отырады. Орын басу реакциясының бір белгісі осы болса керек. Ал біз ұсынып отырған тақырыптың күн тәртібіне қойылуы ең алдымен гуманитарлық пәндер мен жаратылыстану ғылымының ынтымақтасуынан, ортақ дүниетанымдық мәмілеге келуінен, қажетті нәтижені бір траекториядан іздеуінен бас құрауда деп білеміз. Оның үстіне ежелгі дәуір ғалымдарының философиялық пікірлері мен болжамдарын нақты таразылап көрудің технологиялық мүмкіндігі енді ғана туып отыр. Бір сөзбен айтқанда, талай ғасырдың ар жағында қалған көне тауарих жаңа заманға ұласып, синтезделіп, өз бойына зәрулік күш-қайратын қайта жинай бастады.

Бұл зерттелімді ғылыми ортаға, көпшілік аудиториясына жолдаудағы **басты мақсат** – ғылыми журналистиканың өзіндік азығы – факт категориясының болмыс-бітімін, түп-түқиянын зерделеу, оның дүние есігін ашу шарттарына көз жіберу. Бір сөзбен айтқанда, факті эволюциясының көрнекі тізбектерін атап көрсету, заманалы журналистиканың ғылыми-танымдық мүмкіндіктерін нақты ғылыми пәндер теориясымен сабақтастыра межелу.

Осы басты мақсаттан келіп зерттеуіміздің **негізгі нысаны** – табиғи және жасанды факт, кванттар тылсымы, мега, макро және микро әлем, құбылыстардың сабақтастық өрісі, өзіндік заңдылықтар қисыны өріліп шығады.

Зерттеу пәнінің сындарлы аспекті: факті атты нысанның сүйекті, аса маңызды сипаттарын бедерлеу арқылы нысанды тұтастай тану үдерісі. Журналистің басты ресурсы – ақпарат. Болған, туындаған оқиға, құбылыс. Ол соңыра мәтінге, образға, контентке, құжатқа айналады. Бірақ қысқа да нұсқа, ықшам да толымды ақпарат журналист қызметінің негізгі көрсеткіші бола алмайды. Ғаламдық ақпараттық ресурстар-

ды қопарып шығып, мәйегін алуға бүгіндері жасанды интеллектің де шамасы жетеді. Мәселен, Американың *Forbes* журналының сайтында жаңа робот-автор, дәлірек айтқанда, Чикаго компаниясы *Narrative Science* («Ғылым баяны») бағдарламасын жасап шығарды. Ол сытырлаған, құрғақ фактіні бірнеше секунд ішінде мәтінге айналдыра алады. Журналист бұл процеске талай уақытын жұмсар еді. Біз бұл жерде сапаны айтып тұрғамыз жоқ. Сапа жайында сөз қозғау әлі ертерек.

Біз қазір сығымдалған, престелген таным заманын бастан кешіп отырмыз. Зымыраған уақыт, микроқашықтық. Осы қысқа уақыт пен қысқа қашықтықта интерфейстердің (ағылш. *interface* – *шекара, адам мен компьютер одағы*) – «халықтық журналистердің», блогерлердің әзірге аты озып келеді.

Ақпаратты жинау және әліптеу барысындағы журналистік қызметтің технологияландырылуы – компьютерлік ортаның интерфейстендірілуі кәсіби тіршіліктің бір белгісіне айналды. Журналистік ортада дүниеге келтірілетін ақпараттық ағымды тиімді айналымға енгізу тәсілдері жиі күн тәртібіне қойылуда. Практик-журналистер медиа кеңістіктегі өздерінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзгерістерге лезде жауап іздей бастады, олар енді жалаң ақпарат беруден бірте-бірте аулақтап, көпдеңгейлі коммуникациялануға бой ұрды. Бұл арада не анау, не мынау деген сұрақ жоқ әзірге. Журналист мәтін мазмұнын ақпаратпен ғана толтырмайды, ол оқиғалық мәтінді аксиологиялық (**құндылық + эмоция**) мазмұнмен ажарлайды.

Заманалы журналистің міндеті – *факт, оқиға, құбылыс «өндіру»*. Дәл осы **факт – оқиға – құбылыс** тізбегін журналист шығармашылығының өнімі дейміз. Міне, осылар журналист әлемінің картинасын қалыптастырды. Тіпті біз шала алмайтын мега әлемде фактілер қоры, хабы болуы әбден мүмкін.

Зерттеу материалдары – ғылыми жұртшылыққа кеңінен танымал ғұламалар трактаттары, журналистикатану санатындағы теориялық және әдіснамалық еңбектер, арнаулы әдебиет және іріктелеген масс-медиа мәтіндері.

Зерттеу әдісі жоғарыда баяндалған нысан табиғатына, пән үдерісіне сай келер – жалпы ғылыми түсіндірме (комментарий), салыстырма сараптама, сипаттама және эмпирикалық (метаталдау) тәсілі.

Әдебиетке шолу. Ертедегі Грекия философы Аристотель саясат пен әлеуметтануға арналған

еңбектерінде әлемдегі барлық құбылыстың әу басында Жаратушы түр деп есептейді. Оның пікірінше, Хақ дегеніміз – бір есептен сезім дүниесінен аулақ кеткен, мызғымас, мәңгілік парасат. Платонның ізін ала отыра, Бірінші Үстаз «Аспан туралы» трактатында ғарыш пен табиғаттың жұмыла ұйқасқанын тілге тиек етеді. Ал «Органон» еңбегінде мәнділік, уақыт, кеңістік, сапа, сан, қарым-қатынас категорияларына назар аударды. Яғни табиғат біртұтас жанды организм болғандықтан, олар бірі үшін бірі жаратылады, олардың бөлік-бөлшектері арасындағы шарттасудың аса жоғары себебі мен мақсаты бар, оның даму бағыты да осыларға тәуелді (*Аристотель*, 1978: 323-328; 350-352).

Қазақ классикалық ғылымының төлбасы Әл-Фараби «Парасат мағынасы», «Рухтың мәні» трактаттарында алғашқы себеп немесе бірінші парасат туралы тұжырымға аспан кеңістігіндегі он парасатты қосады. Кейде аталмыш парасаттарды ол «екінші ықтияр» деп те атайды. Кеменгер ғалым оларды тоғыз сфераға орналастырады: біріншісі – таяу аспан әлемі, қозғалмайтын жұлдыздар, әрі қарай – Сатурн, Юпитер, Марс, Күн, Шолпан, Меркурий және Ай. Оныншы категорияға Екінші Үстаз сферадан мүлде ада Жасампаз парасат деген ат қояды. Одан кейін «Трактат о взгядях жителей добродетельного города» еңбегіндегі «О матери и форме» тараушасында: «Форма не может иметь ни субстанции, ни бытия – без материи. Материя существует благодаря наличию формы, и, если бы никакой формы не было, то не было бы и никакой материи», – деп жазады (*Аль-Фараби*, 1994: 188). Ал «О порядке возникновения материальных тел» бөлімінде: «В первую очередь возникают элементы, затем тела, которые одного с ними вида их сопровождают; как, например, пары с их (рзличными) видами, как облака, ветры и все то, что бывает в атмосфере», – деген ой айтады (*Аль-Фараби*, 1994: 189).

Француз рационалисі Рене Декарттың «Геометрия», «Әдіснама туралы байыптамалар», «Алғашқы философия туралы толғамдар», «Философия бастаулары», «Жанның пейілідестік сипаттары туралы» еңбектеріне үнілсек, ғылыми таным үшін сараптамалық тәсілдің, фактілерді мейлінше толық жинаудың және оларды жіктеудің жөні бөлек екеніне көзіміз жетеді. Айталық, «весь метод состоит в порядке и расположении тех вещей, на которые нужно обратить взор ума, чтобы найти какую-либо истину. Мы будем строго придерживатьса его, если шаг за шагом

сведем запутанные и темные положения к более простым, а затем попытаемся, исходя из усмотрения самых простых, подняться по тем же ступеням к познанию всех прочих» (*Декарт Р.*, 1989: 91). Осы ретте зияттың расшылдығы мен роліне көз тастасак: «*Достоверность интеллекта намного выше достоверности чувств*, мы тем самым отмечаем лишь, что суждения, выносимые нами с возрастом с связи с новыми наблюдениями, достовернее тех, которые мы образовали в раннем детстве без какого бы то ни было размышления» (*Декарт Р.*, 1994: 321).

Шотландия экономисі Адам Смиттің осы күні көпшілікке мәлім «жасырын қол» (ағылш. **invisible hand**) метафорасы алғаш рет «Астрономия тарихы» эссесінде Юпитерге байланысты қылаң берді. Одан кейін «Адамгершілік сезімдер теориясы», «Табиғат және халықтар байлығының себептері» еңбектерінде нақтылана түсті, жеке мүдденің қоғамдық байлықты еселей түсуге ықпал ететін механизмдері таратылды «Жасырын қолдың» сырын аша түссек, «при существовании монополевой конкуренции, может быть, и надлежит регулировать цену предметов первой необходимости, но при отсутствии таких корпораций конкуренция будет регулироать цены гораздо любой ассизы (assize – бекітілген тұрақты баға. – **Қ.Қ., Қ. Ә.**)» (*Смит А.*, 1993: 271).

Және бір француз ғалымы Эмиль Дюркгейм «Әлеуметтану элементтері» бітігінде былайша ой өрбітеді: «Әлеуметтік фактілер дегеніміз – индивдтен тыс (объективті) күн көретін іс-әрекет сипаттары, ойлау және сезіну әдістері және индивидке қатысты нормаландыру-мәжбүрлеу әлеуеті». Әрі қарай ол әлеуметтік фактілердің ұжымдық сана фактілері (идеялар, сезімдер, аңыздар, сенімдер, дәстүрлер) және индивдтер арасындағы тәртіп пен байланысты қамтамасыз етуші морфологиялық фактілер (тұрғындардың саны мен тығыздығы, үй-жайының жағдайы, географиялық орналасымы және т.б.) деп жіктейді. Соңғысын Э. Дюркгейм нормаландыру-мәжбүрлеу тобына жатқызады. Әлеуметтік фактілер мен әлеуметтік саланы «институт» термині арқылы айқындай түседі. Одан әрі зерттеуші әлеуметтік фактілер ұжымдық тіршілік деңгейінде пайда болады, олардың қайнар көзі әлеуметтік субъектілердің бөлекше санатының әлеуметтік топтар ортасындағы ғұмыры деп жазады. Осы арада ғалым өз ойын табиғи құбылыстарға сілтеме жасау жөнімен дәлелдеуге көшеді. Мәселен, сырттай қарағанда,

жанды жасушада минералдық бөлшектерден басқа дөңеңе жоқ сияқты дейді де, бейұғыс (парадокс) ой айтады: элеуметтік фактілерді зат есебінде қарастыруға болады. Ал зат дегеніміз не? Ол адам танымымына қарсылық жасар нәрсе (техникалық ғылымдағы материалдар бекемділігі, яғни сопромат пәнін еске алыңыз – **Қ.Қ., Ә.Қ.**), оның болмыс-бітімін ұғу үшін біздің ақыл-ойымыз бақылау және эксперимент жолымен өз қауызынан әудемге шығып кету керек

Э. Дюркгейм фактінің элеуметтенуіне, элеуметтік ортаға енуіне төмендегідей анықтама береді: «Социальным фактом является всякий способ действий, устоявшийся или нет, способный оказывать на индивида внешнее принуждение; или иначе: распространенный на всем протяжении данного общества, имеющий в то же время свое собственное существование, независимое от его индивидуальных проявлений» (*Смит А., 1993: 421*). Онан соң, «социальные факты надо рассматривать как вещи» деген байламында едәуір салмақ жатыр (*Дюркгейм Э., 1991: 421*).

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, гуманисті Абай Құнанбаев қырық үшінші қара сөзінде адам жаратылысын (геномын), ақыл-қайратын, зерттеу қарымы мен әдісін, психологиялық аумалы-төкпелігі мен энергетикалық мүмкіндігін: «Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпымен, әрнешік өз суретімен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар. Біреуі орысша «подвижный элемент» деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп, қарамаққа қозғап жібереді. Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол – бір нәрсені естіп, көріп білдің, қош келді. Кәзір соған ұқсағандарды тексересің. Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсемен кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып

түседі», – деп арғы-бергі дүниені барлай қайырады (*Құнанбаев А., 1957: 216-217*).

В.И. Вернадскийдің әліптеуінше, ноосфера дегеніміз – қоғам мен табиғаттың өзара ұғынысатын гипотетикалық сферасы, ал адамның даму факторы ретіндегі парасатты қызметі осы аланда барынша айқындала түседі. «Несколько слов о ноосфере» атты зерттеуінде ол: «Ноосфера есть новое геологическое явление на нашей планете. В ней впервые человек становится крупнейшей геологической силой. Он может и должен перестраивать своим трудом и мыслью область своей жизни, перестраивать коренным образом по сравнению с тем, что было», – деп табиғат пен адам жарасымдылығы зәрулігін күн тәртібіне қояды (*Антология гуманной педагогики. Вернадский., 2001: 87*). Әрі қарай: «Мысль не есть форма энергии. Как же может она изменять материальные процессы? Вопрос этот до сих пор научно не разрешен. Его поставил впервые, сколько я знаю, американский ученый, родившийся во Львове, математик и биофизик Альфред Лотка (А. Lotka. Element of physical Biology. Vait., 1925, p. 406. – **Қ.Қ., Ә.Қ.**). Но решить его он не мог.

Как правильно сказал некогда Гете (1749-1832) – не только великий поэт, но и великий ученый, в науке мы можем знать только как произошло что-нибудь, а не почему и для чего», – деп ойдың энергия пішіні екенін растайды, алайда оны дәлелдеудің қиынға түсіп жатқанын атап көрсетеді (*Антология гуманной педагогики. Вернадский., 2001: 87*).

Аталған еңбегінің «Начало и вечность жизни» тараушасында ғалым: «Нет вопросов более важных для нас, чем вопросы о загадке жизни, той вечной загадке, которая тысячелетиями стоит перед человечеством и которую оно стремится разрешить всеми духовными сторонами своего личного и своего коллективного творчества», – деп келешекті мензей ой қорытады (*Антология гуманной педагогики. Вернадский., 2001: 89*).

Аса көрнекті экономист, элеуметтанушы Карл Маркс «The People's Paper»-дің 1856 жылы Лондонда өткен мерейтойында сөйлеген сөзінде мынадай көрегендік, футурологиялық болжам бар: «по мере того как человечество подчиняет себе природу, человек становится рабом других людей либо же рабом своей собственной подлости. Даже чистый свет науки не может, по видимому, сиять иначе, как только на мрачном фоне невежества. Все наши открытия и весь наш прогресс как бы приводят к тому, что материальные силы наделяются интеллектуальной

жизнью, а человеческая жизнь, лишенная своей интеллектуальной стороны, низводится до степени простой материальной силы», – яғни, таза ғылыми ашылым мен прогрестің арқасында материалдық әлеует зияткерлік сипатқа ие болады, ал өзінің зияткерлік санатынан айрылып қалған адам баласы жай ғана материалдық күшке айналады (*Маркс К. и Энгельс Ф., 1958: 4*).

Ағылшын ғалымы Герберт Спенсер «Основания психологии», «Основные начала» атты монографияларында әлеуметтік фактілерді құрал-жабдықтармен өлшеуге, микроскоппен бақылауға болмайды деген пікір айтады. Оған тек жанама жолмен, талай мәліметті салыстыру арқылы ғана жете аламыз дейді. Зерттеушінің пайымдауынша, әлеуметтік фактілер дегеніміз – эволюциялық үдерістер туындататын құбылыстар, мәселен, функциялар мен құрылымдар жіктелімі, саяси ұйымдардың күрделенуі және т.б. Мәселен, зияткер шығармасының мына тұсына назар аударайық: «Познание предполагает нечто, испытывающее действие, и нечто действующее на нее. То, что, в акте познания, подвергается действию познаваемой вещи, то есть субстанция духа. Субстанция духа переходит в некоторую новую форму при распознавании некоторой другой формы, в которой она только что существовала» (*Спенсер Г., 1876: 154*).

Ағылшын теоретигінің аталмыш байламдары да біздің мына ізденісімізбен идеялық жағынан әбден үндескені, кешегі ретроның қазіргі трендті мақұлдағаны, тіпті болашақ тақырыпқа да жөн-жоба сілтегені анық байқалады: «Материя была сближаема и продолжает быть сближаема тяготением. Мы без перерыва переходим в эволюцию геологической» (*Спенсер Г., 1897: 259-260*). «Заметим еще только один факт: теперь мы яснее прежнего видим, что когда какое-нибудь влияние становится шире и разнороднее, число его результатов возрастает еще в большей пропорции, разнородность их также» (*Спенсер Г., 1897: 381*).

Біздің ойымызша, заманалы журналистикатанушылар үшін ақпараттың арғы тегінің, факті жаратылымының гендік құрылымы – ерекше назар аударарлық құбылыстың бірі. Классикалық генетиканың әліптеуінше, ген дегеніміз – организм сипаты мен қызметі туралы белгілі бір ақпарат сақтайтын тұқым қуалаушы фактор. Ал, генотип болса, ол жасуша немесе организмде тылсымдалған генетикалық ақпараттың жиынтығы. Біздің университет ғалымдарының тұжырымдары да осы анықтаманың айналасында. Мысалы, профессорлар Р.І. Берсімбаев пен

К.Қ. Мұхамбетжановтың пікірінше, «генетика ғылымы тұқым қуалаушылық құбылысымен қатар өзгергіштік құбылысын да зерттейді» (*Берсімбаев Р.І., Мұхамбетжанов К.Қ., 2005: 53*). Сонымен қатар белгілі қазақ ғалымдары гендердің ұдайы өндіру мен әрекеті матрицалық және комплементарлық принциптердің негізінде жүзеге асатынына, генетикалық ақпараттың жүзеге асуының кезекті бір кезеңі трансляция екендігіне назар аударады (*Берсімбаев Р.І., Мұхамбетжанов К.Қ., 2005: 116, 129*).

Ұлттық журналистикамыздың қалыптасуы, кемелденуінің теориясы мен практикасын саралауға бір кісідей үлес қосқан ғалымдарымыз да факті мен ақпарат жиынтығына, олардың қолданыс аясына барынша көңіл бөледі. Әсіресе ақпарат дүниесін жан-жақты талдайды.

Профессор Т.С. Амандосов «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы» оқу құралында: «Журналист өмір фактілері мен құбылыстарының бәрін бірдей, қалай болса, солай жинақтай бермейді, қоғамдық мақсат тұрғысынан қарай отырып, осыған аса қажетті мысалдарын идеалдарына сай келетіндерін іріктеп алып, соларды шығармасына арқау етеді», – деп түйіндейді. Әрі қарай ғалым: «Біз факті деген ұғымды алғанда, оны «өмір шындығында болған оқиға, құбылыс» деп түсінеміз. Сөйтіп, біз «факті» деген сөзді қолданғанда шындық оқиғаны, құбылысты, іс жүзіне болатын нақтылы мәліметтерді еске аламыз», – дейді. «Публицистикадағы факті – нақтылы цифрларды, мағлұматтар мен мәліметтерді белгілі бір ойдың төңірегінде топтастыра баяндау, өмір фактілерін іріктеп талдау деген сөз. Фактідегі әрекет әр кезде де қоғамдық істің белгілі бір көрінісіне байланысты болады. Қоғамдық өмір фактілерінің негізінде идеология қалыптасады», – деген тұжырымдар да осы зерттеушінікі (*Амандосов Т.С., 1976: 128, 137-142*).

Филология ғылымдарының докторы, профессор М.К. Барманкүлов «Телевидение: деньги или власть?» атты орыс тіліндегі зерттеуіндегі ерекше ойлар ел назарын аударды. Сондықтан біз қадау-қадау пікірлерді түпнұсқада беруді жөн көрдік: «Информация – это извлечение действительности из небытия в общественное сознание. Информация делает действительность действительной. Информация может подавать действительность лучше, чем она есть на самом деле. Информаторы сами могут творить событие. Информация – это ничто, превращенное в нечто. Строжайший отбор фактов и умалчивание

информации – это две стороны одной медали монтажа. Факты могут быть реальными, а общая картина – лживой» (*Барманкулов М.К., 1997: 45-50, 60-67, 71-72*).

Мәскеулік профессор А.А. Тертычный «Жанры периодической печати» оқу құралында журналистика жанрларының тарихына, объективтілігіне назар аудара отырып, бейнелеу пәні ретіндегі оқиғаны, үдерісті, жағдайды (ситуацияны), тұлғаны алдыңғы қатарға шығарады (*Тертычный А.А., 2010: 34-35, 94-100*).

Белгілі журналистикатанушылар Г.В. Лазутина мен С.С. Распопованың «Жанры журналистского творчества» оқу құралындағы пайдаға асар толғамдар: «Жаңалық дегеніміз – нақдүниенің айрықша феномені. Оның табиғаты объективті, онтологиялық мағынасы ап-айқын: пайда болған, дүниеге келген, бұрын болмаған, бұдан былай бар нәрсе, – өмірде болған өзгерістердің нәтижесі» (*Лазутина Г.В., Распопова С.С., 2011: 28*).

Заманалы журналистиканы әр қырынан қарастырып жүрген белгілі масс-медиа маманы С.Г. Корконосенконың редакциясымен шыққан «Социология журналистики» атты еңбекте авторлар БАҚ материалдарына сүйене отырып, әлеуметтік нақдүниені зерттеу мәселеріне жан-жақты тоқталады (*Социология журналистики. Под редакцией профессора С.Г. Корконосенко., 2013: 289-380*).

Санкт-Петербург ғалымы М.Н. Ким «Новостная журналистика» кітабында кез келген журналист шығармасының негізінде факті жататыны белгілі, оның құрылымы әлгіндей ұсақ кірпіштерден қаланады. Сондықтан журналистік жұмыстың аса маңызды сәті – фактілік материалды жинау ғана емес, сонымен қабат оны өңдеу және баяндау дейді де, олардың ғылыми және кәдімгілік болмысына назар аударады (*Ким М.Н., 2005: 192-201*).

Орлов мемлекеттік университетінің ғылыми жазбаларында Т.М. Белевитина мен А.Л. Дмитриевский: «Ғылыми фактілер әрдайым көптеген эмпирикалық бақылауларға, эксперименттерге, тәжірибелерге иек артады. Олар – әрқашан әртүрлі санатта тексерілген абстрактылы білім жиынтығының қорытындысы. Сарапшылар мен публицистер дәл осыларға ықыластана көз тігеді. Бұлар ең алдымен социологиялық зерттеулер материалдары, эксперттер қорытындылары, статистикалық есеп-қисаптар, эксперимент нәтижелері. Осының өзінде теоретиктің өзі

фактіге анықтама беруге қиналады, оларға «фактілік мәліметтер» деген айдар тағады», – деген тоқтамға келеді (*Белевитина Т.М., Дмитриевский А.Л., 2014: 162-171*).

Бұдан басқа әлеуметтік желілерде осы тақырыптың төңірегінде ағылшын тілділердің өзіне қарағанда, өзге елдер өкілдерінің белсенділігі анағұрлым, *articles in English, publications in English* бірқыдыру. Алты жүзден астам. Мәселен, солардың ішінде Львов ұлттық политехникалық университетінің оқытушысы М. Комованың «Fact and factual information in the mass media», Дондағы Ростов федералдық университетінің ғалымы Л.В. Гуцинаның «The role and modern techniques of mass media influence» атты жарияланымдарын, Г.В. Волкованың «The mass media in the life of society» зерттеу жобасын атап өтуге болады. Рэй Элдон Хьюберт пен Шейла Джин Гиббонстың (Ray Eldon Hiebert, Sheila Jean Gibbons) «Exploring mass media for a Changing world» монографиясы да назар аударарлық. Бірақ бұлардың бірде-біреуі фактінің ата-тегіне жете көңіл бөлмейді, жаратылысын қадала қарастырмайды.

Сонымен әдебиетке шолу беталысын біршама қаусырмалар болсақ, төмендегідей мәселелердің басы ашылады:


- Әр фактінің, құбылыстың басы-қасында туындыгер-жаратушы түр;
- Парасат әлемі планетарлық ауқыммен, ақыл-ой өрісімен тығыз байланысты;
- Фактілер заттанады, өз топырағынан ұзай барып барқадар табады;
- Фактілер объективті, олардың нормаландыру-мәжбүрлеу, жазмыштық қасиеті бар;
- Табиғат пен индивид (адам) үйлесімділігі, полифониясы бедерлене түседі;
- Экономикалық үдерістерді реттейтін «жасанды қол» концепті журналистика теориясына да жұғысты;
- Фактілер қуаты, энергетикасы, жылылық сәулесі, дабыс (сигналдар) туралы абстрактылы түсінік зәрулене бастайды;
- Фактілер іріктеледі, спектрленеді; сипатталады, ақпараттық өнімге трансформацияланады;
- Масс-медияны зерттеу әдістері анағұрлым күрделенеді, жинақтау, бөлектеу, салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдердің әлеуеті жаси бастайды;
- Журналистика теориясы мен практикасы ендігі күні жаратылыстану, инженерлік пәндермен қоян қолтық жұмыс істеуге бейіл береді;

– Журналистика әлемі, шығармашылық табиғатының көркемдік, ажарлылық сымбаты бұдан былай да адам психологиясымен, жұртшылық қажеттілігімен шырайласып жатады;

– Фактінің Айдың арғы бетіндей түнек тұстары жетерлік. Факті әзірше бізге тек ақпараттық сипатымен ғана аян. Журналистика теоретиктерінің өзі осы күнге дейін фактінің болмыс-бітімін жыға тани алмай келеді.

– Біздің бұл мақаламыз – факті құбылысының бастапқы табиғатын танудағы алғашқы қадамдар мен ізденістер ғана.

Осы проблематикаларға байланысты біз ғаламдық үдерістер мен фактілер легі, әлеуметтік оқиғалар өтіп жатқан материя құрылымының сызбасын ұсынып көрейік.



1-сурет – Материя нысандарының негізгі құрылым сызбасы

Барша өзгеріс, ішкі-сыртқы тербелістер, микро, макро және мега дүмпулер (бүгінгі ғылым танымы бойынша) әзірге осы үш әлем аясына сыйып тұр. Аристотель, әл-Фараби заманында айтылған, бүгінгі зерделеумен өзектес озғын пікірлер мен болжамдарға журналистика ғылымының назары сондықтан ауып отыр дей аламыз. Оның үстіне ХХІ ғасырдағы сараптау технологияларын он тоғыз-жиырмамыншы ғасырлармен салыстыруға әсте болмайды. Қауқары, қарымы, әдісі, құрал-жабықтары жағынан әлдеқайда ұзап кеткен. Ендеше, масс-медиа зерттеу аясын барынша кеңейтетін, таным параметрлерін әрі биіктететін, әрі тереңдететін дәуірге аяқ басқанымызды расқа балайық. Бір қызығы, ертедегі ойшылдар айтып кеткен нұсқамалар мен жолсілтеулерді тәжірибелік жолмен тексерудің әдіс-амалдары, техникалық-технологиялық мүмкіндіктері енді-енді есік қаға бастады. Біздің бұлайша ескіге қайырылуымыз, ретробайламдарға мойын бұрумыз, профессор Н.И. Ильясов жоғарыда атап көрсеткеніндей, толқындық функцияның уақыт бойынша өзге-

руінің және бір көрінісі іспеттес. Бірақ арнайы ескертеріміз, әр ғылым саласы өзіне қолайлы қалыбын, генефондын сақтап қалуға тырысады, сондықтан гуманитарлық пәндердің өз ерекшелігін, руханилығы мен ажарлылығын техникалық ғылымға жаппай жығып беруге болмайды, олардың заңдылықтарымен, әдістерімен шендестіруге, ұқсамалатуға абайлап барған жөн.

Біз классикалық журналистиканың қағидаты бойынша, табиғаттағы, жаратылыста болып жатқан құбылыстарды, өзгерістерді ақпарат құралдары арқылы әлеуметтік санаға көшірмелейміз, трансформациялаймыз, хабар-ошарға айналдырамыз. Себебі аталмыш оқиғалардың адамзат өміріне, қоғамдық санаға, тіршілік дүниесіне әсерін, қарайласын эволюциялық жолмен әбден бойға сіңіргенбіз. Қанағат еткенбіз. Сондықтан тек барға, орнықтыға балаймыз. Талай жылғы таным терминологиясы да сол журналистік материализмге сай қалыптасқан. Бағамдай қарасаңыз, журналистикатануда, басқа да гуманитарлық пәндерді зерттеушілер еңбектерінде оқиға, құбылыс, факт категориясы

ядролық жарылыс, тозаңнан жентектеле бастаған түйін, әртүрлі организмге айнала бастаған дөнек емес, пісіп-жетілген дүние немесе жартылай фабрика ретінде ғана қарастырылады, хатталады, констатацияланады. Тұрақтылыққа баланады. Сонан кейін барып алдыға келген «сыбағаның» себеп-салдары, әсері зерделенеді. Тәпсірленеді. Болашағы, келешегі туралы әртүрлі болжам айтылады, пікір жарыстырылады. Жөні келгенде көрсете кетейік, жоғарыда аты аталған профессор М.Н. Кимнің фактілерді ғылыми және кәдімгі деп жіктеуі әлеуметтік үдеріс қалыбына ғана сай. Ал фактінің арғы тегіне, қаны мен жанына тереңірек үңілер болсақ, оны **табиғи** және **жасанды** деп жасақтаған жөн. Факті форматындағы оқиға, құбылыс неге дәл сол мезгілде, неге дәл сол географиялық нүктеде бой көрсетті? Өздері ұйғарым жасады ма, әлде бізге бимәлім туындатушы әлеует, итермелеуші күш-қайраттың ықпалы ма? Түтқиылдық, жазмыштық категорияларды қалай байыптаймыз? Біздің енді былай дегіміз келеді: шындығында, оқиға, құбылыс, факті өз-өзінен өніп шыға келе ме, оларды өндіруші, баптаушы, тіпті арандатушы құдырет қандай, тыншыған әлем, мәселен, аяқ астынан неге тербеліп кетті? – осы беталысқа, жаратылыс түп-түқиянына ғылыми жұртшылық мойын бұрды ма? Жоқ, зерде қайығы бергі жағалаудан қайырылды. Тіркеуші, есепке алушы, таратушы айлағынан.

Олай болса, біз факті генотипінің табиғатына, түзілу, жаратылым эволюциясына, үйлесімділігіне, толқындану функциясына, жанасу энергетикасына, әлеуетінің кемелденуіне, ядросының бөлінуіне, түрленуіне әзірше бір ғана кванттық физика көзімен қарап көрейік. Әрине, біз ұсынған осы жол бірден-бір растық бағыты деп айтуға да келмес, өйткені ақиқатқа жетудің жолы сан тарам, сан түрлі. Өзінше бір контрапункт.

Мәселен, профессор О. Имамбеков микробөлшектердің толқындық қасиеті бар екені тәжірибе жүзінде дәлелденгенін баяндай келіп, олардың энергиясы мен импульсін, толқын ретіндегі тербеліс жиілігі мен толқындық векторын сипаттайды (Имамбеков О., 2017: 22-23).

Н.И. Ильясов «Кванттық механикаға кіріспе» оқулығында: «Классикалық физикада біз нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды олардың әртүрлі модельдерінің негізінде түсіндірдік. Кванттық механикада бұл әдісті қолдана алмаймыз, себебі ол микробөлшектермен жүретін үдерістер мен құбылыстарды сипаттауға жа-

рамсыз. Олай болса, кванттық жүйелерді зерттеуде, микробөлшектердің күйін анықтауда классикалық физиканың көзқарастары мен онда қолданылатын әдістерден бас тарту керек.

Қазіргі уақытта толқындық функцияның М. Борн (атом физикасына арналған оқулықтың авторы – **К.Қ., Ә.Қ.**) ұсынған статистикалық физикалық мағынасы қабылданған. Мұнда бөлшектің толқындық қасиеті, оның құрылымымен тікелей байланысты емес. Сондықтан барлық микробөлшектерді материалдық нүкте ретінде қарастыра беруге болады. Толқындық функцияның уақыт бойынша өзгеруі, микробөлшектердің кеңістіктің әртүрлі нүктелерінде табылу ықтималдығының өзгерісін көрсетеді», – деген ой айтады (Ильясов Н.И., 2018: 50).

Теориялық механиканың қағидатына жүгінер болсақ, бір-бірімен жанасатын қатты денелер өзі тоғысатын нүктелерінде белгілі бір әлеуетке ие болады, ал оның өзі «реакция күштері» деп аталады (Теориялық механиканың классикалық және релятивистік негіздері., 2020: 236).

К. Кониши және Дж. Паффутти сынды авторлар тіпті әрі кетіп, уақыттың кері бұрылуы, унитарлық түрлендірулер, күйдің тығыздығы сияқты тақырыптарды талдайды, табиғатта симметрия кең тараған: атомдар мен кристалдардан бастап, биологиялық денелерге дейін деген пікірін ортаға салады (Кониши К., Паффутти Дж., 2013: 155).

И.Е. Иродов: «Ядролық реакция – элементар бөлшекпен немесе басқа ядромен атомдық ядроның күшті өзара әрекеттесу үдерісі; бұл үдеріс ядроларды түрлендірумен ере жүреді» – деген қорытындыға келеді (Иродов И.Е., 2012: 172).

«Введение в квантовую физику» еңбегінің авторлары Л.Л. Гольдин мен Г.И. Новикова импульстің орташа мөлшеріне, физикалық көлемнің операторына, фактілердің өзара қарама-қарсылығына, түстердің өзгермелілігіне тоқталады (Гольдин Л.Л., Новикова Г.И., 1988: 41, 202).

Жоғарыда айтылған байламдар мен тұжырымдардың түп-төркіні – әл-Фарабидің он парасатын зәрулендірудің және бір позициясы мен өрісі – пульсарлар әлемі.

Пульсарлар (жыпылықтаған жұлдыздар) дегеніміз – жарылыс нәтижесінде пайда болып, жылдам айналып жатқан нейтрон жұлдыздар. Олар аса күшті магнит өрісіне ие екенін атап өткен жөн, сол өрісті пульсарлар айналым осіне қарай ағысым десе де болады. Ғарыштың бұл нысандары импульс (дабыс, сигнал) түріндегі

радиосәулелерді магнит өрісі арқылы Жер бетіне ұдайы тасқындатып отырады. Тіпті сол импульстер ашылған кезде олардың жасанды екендіктері туралы теория да бой көрсетіп үлгерді, бірінші пульсарға LGM-1 (Little Green Men – Құртақандай жасыл адам) деген айдар тағылды. Ал олардың аумағына келер болсақ, жер бетіндегі шағын қаланың көлеміндей, бірақ массасы Күннен салмақтырақ. Осы арада айта кетейік, түнгі аспанға қарап, «жымындаған жұлдыздар» деген лириктердің жүрек лүпілін астрофизиктер мынадай құрғақ мәліметпен еңсере салады: мұндай әсер жылдам айналым нәтижесінде туындайды. Сол себептен пульсарларды біз ғарыш әлеміндегі өзгеше бағдаршы, маяк есебінде қабылдай аламыз.

Біз жаңалықтар агрегаторларын ғана білеміз, соны ғана тілге тиек етеміз. Егер биотехнология мен медицина санаттарына назар аударар болсақ, фактінің пайда болу, жетілу үдерісі кәдімгі ұрықтың эволюциясына тым ұқсас. Теориялық механикада айтылған денелер жанасуы, әрекеттесуі, олардың энергетикасының өршуі де осы жерден көрініс табады.

Қазіргі күні зиялы қауым табиғи және әлеуметтік процестердің бір-бірімен ежелден жымдасып жатқанын, әуелден сабақтас екенін ұққандай. Жаһан күрсінісіне, планета алқынысына құлақ

түрген заманалы қоғам ғаламдағы қазіргі жағдайдың байбыныа бару қажеттілігін анық сезінгендей. Демек, ғалами өзгерістердің астарында не бар деген ой жұртшылықты аландатқаны да, «қалай?», «неге?», «не себепті?» деген тағдырлы сауалдардың зәрулене түскені де әбден жөн. Әрине, ғарыш саласын зерттеушілер арнайы қондырғылар, техникалық жабдықтар көмегімен талай соны статистикалық мәлімет әкелуде, бірақ космогониялық білімі көзқарас тозған табалдырықтан әрі аса алмай отыр. Факті, дерек бар, ал оларды ескірген тәсілмен, байырғы дүниетаныммен түсіндірмелеу мүмкін емес. Айталық, Күннің буырқану белсенділігі мен геомагниттік дауылдың Жердегі құбылыстарға тікелей ықпалының, оның пайда болу технологиясының сыры ашылса, онда планетамыздың сытқы қабатындағы-атмосферадағы адам көзіне шалынбайтын плазмалық құрылымдардың ролі мәлім болар еді. Осы ретте зерттеушілерге, факті танушыларға Е.Н. Червинскийдің «Теория сигналов» айдарымен жарияланған «Передаточные функции фильтров нижних частот с равноволновыми на отрезке амплитудно-частными характеристиками» есептеулері көп септігін тигізер еді (Червинский Е.Н., 2011: 3-12).



2-сурет – Ғаламдық коммуникативтік сана

Қазіргі күні табиғи кеңістік, тарихи кеңістік, ақпараттық кеңістік, әлеуметтік кеңістік, технологиялық кеңістік атты тіркестер ықылым заманнан бері қасымызда жүргендей көрінеді. Тіпті қиял кеңістігі, ақыл-ой кеңістігін де жоққа шығара алмаймыз. Ендеше, факт феноменін біз осы тұрғыдан уақыт және кеңістік аясында қарастыруымыз керек. Факт атаулы – табиғи және әлеуметтік әрекеттің өнімі, нәтижесі һәм жемісі. Демек, жасанды (әлеуметтік) факт әр сәттегі шығармашылық үдеріс және күнделікті, реттемелі жігерлі еңбек арқасында дүниеге келеді. Факті де физиканың кейбір орнықты заңдылықтарына, атап айтқанда, кинематика және динамика тәртібін хош көреді. Статикалық, ұйқыдағы факті аудиторияны селт еткізбейді, қозғалысқа, араласымға түскен факті ғана ел назарын аударады. Біз төмендегі сызбада фактінің ғаламдық коммуникативтік санадан туындап,

нақты уақыт пен кеңістікте хатталу рәсімін, өзіндік эволюциясын көрнекілеуге ұмтылды.

Факті сипатын жанрлық таным өзгертеді, образдандырады. Фактінің қабартушысы, триггері (*trigger* – ағылш. «шүріппе») – журналист, қаламгер интеллекті. Сондықтан теориялық ұстанымымызда біз фактінің жандандуына, жерсінуіне, белсенуіне, материалдануына, оның вегетациялық кезеңіне зерттеушілер назарын аударғымыз келеді. Оның бер жағында фактіні мәпелеу, тәрбиелеу, өсіру мәселесі тағы тұр. Бұлар өз алдына үлкен бір кешенді тақырып, зерттеу бағыты дер едік. Сонымен қатар фактілер хабының (қоймасының) тарихи сипаты туралы да сөз қозғайтын уақыт жетті. Біздің пайымдауымызша, қазіргі заматта қазақ ақпараттық кеңістігінде өзара ықпалдас салалардан құралатын төмендегідей журналистика жүйесі қалыптасты.



3-сурет – Масс-медияның заманалы жүйесі

Адам баласы осы күні өзіне тетеден емес, бейтаныс кибер әлемнен, робототехникадан үлгі тарта бастады. Әр басқан қадамын, іс-әрекетін ақпараттық кезең ишарасымен бағалау әдісін жылдам қағып ала қойды. Осының өзі – жаһандық құбылысқа айналған технологиялық факт, адам санасы трансформациялануының нақты көрінісі. Адамның өзі бірте-бірте құдыреттілік құзыретін өз еркімен жасанды интеллект қолына тапсыруда, ал аналар өздерінің кешегі қожайыны тыйымынан аттап өтіп, Виктор Гюго компрачикостарындай адамзаттың да, дүниенің де келбетін айғыздап жатыр. Алғы, келер заманда Олимп құдайлары мен алыптардың айқасына бергісіз ұлы қақтығыс осы аралықта бүрк есте түспесіне кім кепіл?

Осы ретте Ресей мен Украина арасындағы жан алысып, жан беріскен соғыс қимылдары ойды қозғайды, ұрыс даласынан, халықаралық қауымдастықтан жедел жеткен ақпарат радио, телевизия, интернет контенттерінің күнделікті азығына айналды. Кибер майдан да, ақпараттық текетірес те осында. Мыңдаған адамның тағдыры факті ретінде сұрыпталды, алға тартылды, жетілдірілді, образдалды, идеологиялық-ақпараттық өнім түріне көшті. Факті субстанцияланды, әртараптандырылды.

Факт айтып келмейді, төтеннен, ғайыптан бой көрсетеді. 2022 жылдың 8 қыркүйегінде Балморол замогында Ұлыбритания патшайымы Елизавета II дүниеден озды. Халықаралық ақпарат құралдары аталмыш фактіні аса қайғылы оқиға ретінде бүкіл әлемге жария етті. Сөз жоқ, маңызы бөлек аза. Енді осы фактінің арғы тегін, түп тұқиянын барлап көрейік. Әрине, өзекті жанға – бір өлім. Тарихи тұлғаны басқа өлшем шекарасына аттандыруға, бимәлім әлем дәрегейіне көшіруге кім/не ұйғарым жасады? Біздің топшылауымызша, ғаламдық микробөлшектерді дабыстық материалдық нүкте ретінде қарастыра отырып, осы тақылеттес фактінің фотондарын көз жетпес тараптардан іздеген абзал.

Рим папасы Францисктің 13-15 қыркүйек аралығындағы Астанаға жасаған апостолдық сапарының христиан әлеміндегі резонансы өз алдына. Ұлы Абайдың анау ғасырдағы рухани мұрасының понтификтің уәжіпті сәттегі лебізін сәулелендіруі, біздіңше, қазақ ойшылдығының халықаралық кеңістікте ақпараттануы, сол ақпараттың әлемдік масс-медиаға нақты факт ретінде сіңісуі.

Жапон ғалымы К. Кониши мен итальян зерттеушісі Дж. Паффути ілкіде уақыттың қайтымы туралы теориялық тұжырым жасағанын айтып кеткенбіз. Соның айқын дәлелін біз М.О. Әуезовтің қазақ-ағылшын тілінде басылып шыққан «Америка әсерлерінен» көреміз. «Артур Мюллер дейтін үлкен драматургте болдық. Әйелі – атақты кинозвезда Мерилин Монро. Жазушы Қазақстан, Алматы театры туралы жақсы түсінігі, хабары бар екенін айтты», – деген жолдар ұшырасады жазушы күнделігінде (Әуезов М.О., 2021: 88). Адамның жадын жаңғырту, бұрнағы жылдар оқиғаларын, танымал өнер қайраткерлерін еске салу, әлбетте, уақыттың оралуы, кері бұрылуының нақ өзі.

Бүгінгі қазақ журналистикасының бет-жүзіне үңілер болсақ, ажарлылық, көркемдіктен гөрі талдамалыққа, «құрғақ» хабарламалыққа, бизнестік-коммерциялық тараптарға көбірек бой ұрып бара жатқаны мәлім. Фактіні пайдалану да тікелей осы тенденцияларға байланысты. Әрі-беріден соң, бұқаралық, практикалық журналистика үшін фактінің жаратылысы, оның арғы тегі пәлендей маңызды емес те. Бірақ журналистика теориясы үшін, журналистикатану ғылымы үшін оның мән-маңызы еш жоққа шығаруға болмайды. Өйткені «факті» деп аталатын кішкентай алыптың әлеуетіне сүйенетін журналистика құбылысы өзінің де жаһандық дабысын, «астрофизикалық», кванттық индикаторын, кенеттен, әлдеқайдан шыға келу құпиясын білуге, тануға бек зәру. Ал осы дүниетанымдық проблема өрісіне ұлттық журналистика мамандары да, шет ел масс-медиа қисынгерлері де әзірге аяқ баса қойған жоқ.

Қорытынды

Кез келген туындының, заттың, бұйымның ата-тегі болады. Журналистика генологиясы фактіден бастау алады, ақпаратқа трансформацияланады, жанрлық үлгілер арқылы жанданады. Факт дегеніміз – жекелік, даралық сипаты қанық категория. Оның матрицасы – тарих, реализмі – бүгінгі күн, ал қиял-ғажайыптан өрілер үдерістері – келер заманның еншісінде. Бұған оның әмбебаттық қасиетін, тоқтамдық, нақтылық бедерлерін және қосыңыз. Сонымен қабат, факт біткеннің жаратылыс кеңістігіне де, әлеуметтік ортаға да, ғылыми-ашылымдық, жаңалықтық санатқа да тиесілі қырлары жетерлік. Факт, айта берсеңіз, көркем-эстетикалық салаға да жат емес. Оны біз жеке деректердің, мәлімет-

тердің, өмірбаяндық жағдайлардың образдан-дырылуынан айқын байқаймыз. Сондықтан қазіргі кезеңде журналистика әлеуетіне қатысты фактология, факті тану немесе факті ілімі есік қағып тұрғаны ешкімге жасырын емес. Бір

сөзбен айтқанда, факт жаратылысына, факт ДНК-сына зертханалық жолмен үңілер уақыт жетті.

Бір сөзбен айтқанда, факті генотипі – талай стихияның, оның ішінде табиғи және әлеуметтік субстанциялардың өзара келісімі, өзара ұйғарымы арқасында дүниеге келген айрықша феномен.

Әдебиеттер

- Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 445 с.
- Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 272 б.
- Антология гуманной педагогики. Вернадский. – М.: ИД Шалвы Амонашвили, 2001. – 224 с.
- Аристотель. Сочинения: В 4 томах. Том 2. – М.: Мысль, 1978. – 687 с.
- Әуезов М.О. Америка әсерлері. Impressions of America – Алматы: Арнайы шығарылым, 2021. – 320 б.
- Барманкулов М.К. Телевидение: деньги или власть? – Алматы: Санат, 1997. – 272 с.
- Белевитина Т.М., Дмитровский А.Л. Факт в журналистике: к дефиниции понятия // Ученые записки Орловского государственного университета. – №2 (58). – 2014. – 391 с.
- Берсімбаев Р.І., Мұхамбетжанов К.Қ. Жалпы және молекулалық генетика. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 263 б.
- Гольдин Л.Л., Новикова Г.И. Введение в квантовую физику. – М.: Наука, 1988. – 327 с.
- Декарт Р. Сочинения в двух томах. Том 1. – М.: Мысль, 1989. – 654 с.
- Декарт Р. Сочинения в двух томах. Том 2. – М.: Мысль, 1994. – 640 с.
- Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Метод социологии. – М.: Наука, 1991. – 576 с.
- Ильясов Н.И. Кванттық механикаға кіріспе: оқулық. – Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2018. – 253 б.
- Имамбеков О. Кванттық механика. Релятивистік емес теория. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.
- Иродов И.Е. Кванттық физика. Негізгі заңдар. – Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2012. – 213 б.
- Ким М.Н. Новостная журналистика. – СПб.: Издательство Михайлова В.А., 2005. – 352 с.
- Кониши К., Паффути Дж. Кванттық механика. Жаңа көзқарас. 1. – Алматы: ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2013. – 610 б.
- Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II т. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. – 268 б.
- Лазутина Г.В., Распопова С.С. Жанры журналистского творчества. – М.: Аспект Пресс, 2011. – 320 с.
- Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – Изд. 2. Т. 12. – М.: Политиздат, 1958. – 738 с.
- Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М.: Наука, 1993. – 569 с.
- Социология журналистики / Под редакцией профессора С.Г. Корконосенко. – М.: Юрайт, 2013. – 421 с.
- Спенсер Г. Основания психологии. Часть первая. – СПб.: издание Билибина, 1876. – 713 с.
- Спенсер Г. Основные начала. – СПб.: издание Л.Ф. Пантелеева, 1897. – 239 с.
- Теориялық механиканың классикалық және релятивистік негіздері: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2020. – 302 б.
- Тертычный А.А. Аналитическая журналистика. – М.: Аспект Пресс, 2010. – 352 с.
- Червинский Е.Н. Передаточные функции фильтров нижних частот с равноволновыми на отрезке амплитудно-частными характеристиками // Известия вузов России. Радиоэлектроника. – СПб., 2011. – Вып. 4. – 174 с.

References

- Al-Farabi. Izbrannye traktaty. [Selected treatises.] – Almaty: Gylym, 1994. – 445 s. [In Russian].
- Amandosov T.S. Sovet jýrnalistikasynyń teoriiasy men praktikasy. [Theory and practice of Soviet journalism.] – Almaty: Mektep, 1976. – 272 b. [In Kazakh].
- Antologiya gýmannoi pedagogiki. Vernadskii. [Anthology of humane pedagogy. Vernadsky.] – M.: ID Shalvy Amonashvili, 2001. – 224 s. [In Russian].
- Aristotel. Sochineniia. V 4 tomah. Tom 2. [Works. In 4 volumes. Volume 2.] – M.,: Mysl, 1978. – 687 s. [In Russian].
- Äýezov M.O. Amerika äserleri. Impressions of America [American influences. Impressions of America] – Almaty: Arнайы shygarylým, 2021. – 320 b. [In Kazakh].
- Barmankýlov M.K. Televidenie: dengi ili vlast? [Television: money or power?] – Almaty: Sanat, 1997. – 272 s. [In Russian].
- Belevitina T.M., Dmitrovskii A.L. Fakt v jýrnalístike: k defínitsii poniatia. [Fact in journalism: to the definition of the concept.] – Ýchenye zapiski Orlovskogo gosýdarstvennogo ýniversiteta. №2 (58), 2014. – 391 s. [In Russian].
- Bersimbaev R.I., Muhambetjanov K.Q. Jalpy jáne molekýlalyq genetika. [General and molecular genetics.] – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2005. – 263 b. [In Kazakh].
- Goldin L.L., Novikova G.I. Vvedenie v kvantovúy fiziký. [Introduction to quantum physics.] – M.: Naýka, 1988. – 327 s. [In Russian].

- Dekart R. Sochineniia v dvých tomah. Tom 1. [Works in two volumes. Volume 1.] – M.: Mysl, 1989. – 654 s. [In Russian].
- Dekart R. Sochineniia v dvých tomah. Tom 2. [Works in two volumes. Volume 2.] – M.: Mysl, 1994. – 640 s. [In Russian].
- Díyrkgeim E. O razdelenii obestvennogo trýda. Metod sotsiologii. [On the division of social labour. Method of sociology.] – M.: Naýka, 1991. – 576 s. [In Russian].
- Iliasov N.I. Kvanttyq mehanikaga kirispe. Oqýlyq. [Introduction to Quantum Mechanics. Textbook.] – Almaty: TOO «Lantar Treid», 2018. – 253 b. [In Kazakh].
- Imambekov O. Kvanttyq mehanika. Relativistik emes teoriia. [Quantum mechanics. Nonrelativistic theory.] – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2017. – 280 b. [In Kazakh].
- Irodov I.E. Kvanttyq fizika. Negizgi zańdar. [Quantum physics. Basic laws.] – Almaty: QR Bilim jáne gylym ministrliǵı, 2012. – 213 b. [In Kazakh].
- Kim M.N. Novostnaia jýrnalistika. [News journalism.] – SPb.: Izdatelstvo Mihalova V.A., 2005. – 352 s. [In Russian].
- Konishi K., Paffýti Dj. Kvanttyq mehanika. Jańa kózqaras 1. [Quantum mechanics. A new approach 1.] – Almaty: QR jogary oqý oryndarynyń qaýymdastyǵy, 2013. – 610 b. [In Kazakh].
- Qunanbaev A. Shygarmalarynyń eki tomdyq tolyq jinagy. II t. [Complete two-volume collection of his works. Volume II.] – Almaty: Qazaqtıń memlekettik kórkem ádebiat baspasy, 1957. – 268 b. [In Kazakh].
- Lazýtina G.V., Raspopova S.S. Janry jýrnalistikogo tvorchestva. [Genres of journalism.] – M.: Aspekt Press, 2011. – 320 s. [In Russian].
- Marks K. I Engels F. Sochineniia. Izd. 2. T. 12. [Works. Ed. 2. Volume 12.] – M.: Politizdat, 1958. – 738 s. [In Russian].
- Smit A. Issledovaniie o prirode i prichinah bogatstva narodov. [Research on the nature and causes of the wealth of nations.] – M.: Naýka, 1993. – 569 s. [In Russian].
- Sotsiologiia jýrnalistiki. Pod redaktsiei professora S.G. Korkonosenko. [Sociology of journalism. Edited by Professor S.G. Korkonosenko.] – M.: Íyrait, 2013. – 421 s. [In Russian].
- Spenser G. Osnovaniia psihologii. Chast pervaiia [Basic Principles] – SPb.: izdanie Bilibina, 1876. – 713 s. [In Russian].
- Spenser G. Osnovnye nachala [Basic Principles] – SPb.: izdanie L.F. Panteleeva, 1897. – 239 s. [In Russian].
- Teornalyq mehanikanyń klassikalıyq jáne relativistik negizderi: oqý quraly. [Classical and relativistic foundations of theoretical mechanics. Educational tool.] – Almaty, Qazaq ýniversiteti, 2020. – 302 b. [In Kazakh].
- Tertychnyi A.A. Analiticheskaia jýrnalistika. [Analytical journalism.] – M.: Aspekt Press, 2010. – 352 s. [In Russian].
- Chervinskiı E.N. Peredatochnye fýnktsii filtrov nijnih chastot s ravnovolnovymi na otrezke amplitýdno-chastnymi harakteristikami. [Transfer functions of low-pass filters with equal-wave amplitude-partial characteristics on the segment.] – Izvestiia výzov Rossiı. Radioelektronika. – SPb., 2011. Vyp. 4. – 174 s. [In Russian].